

тарихи сабақтарын түсіну - қазіргі ұрпақ үшін өте маңызды. Қорыта айтқанда, XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық ояну және саяси көшбасшылық қазақ ұлтының тәуелсіздікке ұмтылуының, ұлттық сана мен рухани жаңғыруының бастауы болды. Бұл кезең қазақ халқының мемлекеттік және қоғамдық құрылымдарының қалыптасуы, оның мәдени және саяси дамуы үшін маңызды кезең ретінде есте қалуы тиіс. Осы тарихи сабақтар бүгінгі ұрпаққа ұлт болашағын ойлауға, ұлттық бірлікті нығайтуға, тәуелсіздікті сақтау мен дамытудың маңыздылығын түсінуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: «Санат» https://rusneb.ru/catalog/000199_000009_008130358/
2. Нұрпейіс К. «Алаш һәм Алашорда». - Алматы: «Ататек». - 1995. – 224 б.
3. Алаш партиясының құрылуы және ұлт зиялылары» мақаласы. Qazaqstan Tarіhуportалы. <https://e-history.kz/kz/kazakhstanika/show/9804>

XX Ғ. 30-50 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚУҒЫН-СҮРГІН

Нұрмақов С.З.

Қоянды орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанына биыл ширек ғасыр толып отыр. Ол уақытты тарихи өлшеммен қарағанда, әрине, қас пен көздің арасындай ғана мерзім. Дегенмен, осы уақыт аралығында еліміздің өткен тарихы мәселелерінде кеңес үкіметі заманында құпия болып жабық жатқан мәліметтер жарық көріп, оларға қызығушылық жыл сайын артып келе жатқаны анық аңғарылады. Солардың ішінде XX ғасырдың 30-50 жылдарында орын алған репрессияға ұшырап, құрбан болған аяулы тұлғаларымыз туралы еңбектер жарық көріп келеді. Қыршын жастарында өмірлері қиылған абзал жандар туралы талай жыл жабық жатқан деректер халқымызға, ұрпақтары мен туыстарына жетіп жатыр. Сонымен қатар, бұл тақырыптың әлі де толық зерттелмей, тың жатқан жағы жетерлік. Мәскеу, Петербор, Омбы, Орынбор т.б. Ресей қалаларының, тіпті өз еліміздегі мұражайларда әлі ашылмай, құпия болып жатқан деректі құжаттар көп. XX ғасырдың басында қазақ халқы саяси аренаға, азаттық пен тәуелсіздіктің күрес жолына, ағартушылыққа шақырған ірі қоғам қайраткерлерін шығарды. Ел арасынан өздерінің табиғи дарынымен, асқан білімділік деңгейімен, рухани парасатымен суырылып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан аямай, тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұңғыш қарлығштары бола білді. Солардың ішінде Сарыарқаның ұлы азаматы, биылғы жылы 130 жылдық мерейтойы тойлаңғалы отырған Нығмет Нұрмақовтың орны ерекше.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін қазақ жұртына беймәлім болып келген алаш азаматының қайта оралуы халықтың рухани дамуына ықпал етті. Бұл ғылыми ізденіс тарихшы ғалымдар еңбектерінен, алаш азаматтарының мұрағат қорларынан ізденген, жинаған материалдар негізінде жазылды. Себебі 1956 жылы ақтау шараларынан соң Н.Нұрмақовты мемлекет және қоғам қайраткері ретінде танытумен насихаттау жұмыстары атқарылды, оны өмірбаяны мен қызмет жолдары сипатталып, қазақ тілінде мақалалар, әр түрлі еңбектер жазылуда. Соның ішінде осы жұмысыма арқау болған Н.Нұрмақов жайлы деректер, ғылыми зерттеу жұмысымен, оны жинақтау әрі насихаттаумен ҚР Профилактикалық медицина Академиясының және Н.И.Пирогов атындағы ТМД хирургтер Ассоциациясының толық мүшесі, КСРО және ҚР денсаулық қызметінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы, профессор ағам А.Ж.Нұрмақов еңбектері алынды.

Нығмет Нұрмақұлы 1895 жылы сәуірдің 25-ші жұлдызында, Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Қу болысында (қазір Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы Қаратау ауылы)

туған. Әкесі Тәукебаев Нұрмақ, анасы Шидә, ақсүйек Қожа тұқымынан. Нұрмақ өзі орта қолды шаруашылығы бар адам болған. Өз шаруасына тиянақты, қолы шебер, бос уақытында бүркіт баптап, аңшылық етуге әуес адам болыпты. ҰҚК Қарағанды облысы дерегі бойынша 1867 жылы Қарағанды облысы Қу ауданының бірінші ауылында дүниеге келген. 1937 жылы 28 қазанда тұтқынға алынған. Қарағанды облысының НКВД шешімімен 58 –ші б. 10 т.16 бойынша ату жазасына кесілген, үкім 1937 жылы 18 қарашада орындалды. 1995 жылы 26 қазанда ҚР бас Прокуратурасының шешімімен Тәукебаев Нұрмақ ақталу туралы шешім шықты. Өз кіндігінен Нығметтен бөлек Құрманғали, Жәмел, Мапыш, Торғай, Ғайша, Шәкен сынды ұл қыздарды тәрбиеледі.

Нұрмақ өзі қолын жеткізе алмаған білімді балаларына беруге арман еткен. Баласының білімге деген құштарлығын құптайды. Н.Нұрмақов алғаш сауатын ауылдық бастауыш мектебінде ашты. Одан соң Қарқаралыдағы екі кластық училищеге түсіп оны 1911 жылы үздік бітіреді. Училищені бітірген сауатты және орыс тілін жақсы игерген жас Нығметті сол аймақтың атақты адамы, бай, Қу болысының басшысы Ақаев Қасен өз қарамағына аудармашы ретінде жұмысқа қабылдайды.

Бұдан кейін білім жолын Омбыдағы мұғалімдер семинариясында жалғастырды. Нығметтің Омбыдағы студенттік өмірі оның өмірбаянында ерекше орын алады. Семинарияда Нығмет сонда оқып жүрген Сәкен Сейфулин, Мағжан Жұмабаев, Әбілхайыр Досов, Мұхтар Саматов т.б. сияқты қазақ жастарымен танысады және олармен бірге «Бірлік» атты жастар ұйымын құрады. Ұйымның мақсаты Омбы жұртшылығын қазақ халқының тұрмысымен, дәстүр-салттарымен, мәдениетімен таныстыру еді. Сонымен қатар өздері де Ресейдің тілі мен мәдениетін, тұрмысын, әсіресе қарапайым халықтың тұрмысымен танысады. Сол уақыттан бастап олардың жолдары бірге болып, тағдырлары ұқсас болып өтті. Кейіннен бұлардың көбі Қазақстанда жаңа өмір құрушылар, белсенді кейіпкерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері болды. Студенттік жылдардың Нығмет өміріндегі аса маңызды көрінісі ол Әлихан Бөкейхановпен танысуы еді. Нығметті онымен жерлесі (*болашақ қайнағасы*) Жақып Ақпаев таныстырады. Сол кезден бастап өмірлерінің тар жол тайғақ кешуіне олардың жолдары жиі қиылысып, кездестіреді. Нығмет Әлиханды, аға, ұстаз ретінде өте сыйлайды және Әлихан құрған «Алаш» партиясын қолдайды. Түбінде олардың сондай тығыз араласуы отыз жетінші жылы екеуін бір уақытта тұтқындап, бір күнде (27 септембрде) атылуына әкеледі. Олардың жатқан жері жетпіс жылдан астам құпия болып келген. Тек елімізге тәуелсіздік туғаннан соң ғана Нығметтің немере туыстарының ізденістерімен ол жер табылып отыр.

1915 жылы Омбы семинариясын үздік бітіріп шығады да өзі оқып бітірген Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесінде мұғалімдік қызмет атқарады. Қарқаралы, Омбыда өткізген жылдарында Нығмет қазақтың көрнекті зиялылары А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Ж.Ақпаевтармен қатар орыс демократ интеллигенттері Г.Потанин, А.Седельниковтермен танысады. Олардан көрген өнегелі өмір, білім мен тәлім- тәрбие Н.Нұрмақовтың бойында прогрессивтік көзқарастың қалыптасуына зор әсер етті. Нығмет сол кезде семинарияда бірге оқитын Қазақстанның болашақ қайраткерлері С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Досов, М.Саматов, М.Сейтов, Ш.Әлжановтармен танысып, достасады. Нәтижесінде 1914 жылы олар «Бірлік» атты жасырын студенттік жастар ұйымын құрады. Ұйымның мақсаты Омбы тұрғындарына қазақ халқының өмірін, тұрмыс жағдайларын, салты мен әдет-ғұрпын таныстыру болды. Ол үшін әртүрлі кездесулер, ән-күй кештерін өткізіп тұрды. Сонымен қатар өздері де Ресейдің қарапайым халықының тұрмыс-жағдайларымен, дәстүрлерімен, патша үкіметінің қарапайым халыққа жүргізетін саясатымен танысады. Сол жылы күзде Нығмет қабылдау емтиханын ойдағыдай тапсырып, семинария студенттерінің қатарына алынады. 1915 жылы Омбы семинариясын бітірген соң Нығмет Қарқаралыға оралып, алғашқы қызметін кезінде өзі оқыған 2 класты училище мұғалімдігінен бастайды. Сөйтіп, 1918 жылға дейін оқу-ағарту ісінің негізін қаласады. Ол жергілікті қазақ жастарына білім ғана беріп қоймай, сонымен қатар елде болып жатқан саяси жағдайларды түсіндіреді. Патша үкіметінің отаршылдық әрекеттеріне қарсы күресуге шақырады. Әсіресе 1916 жылы 25

маусымда шыққан қазақтан майдан жұмыстарына солдат алу туралы патша жарлығына қарсы астыртын үгіт жұмыстарын жүргізеді. Аумалы төкпелі заман кезінде Қарқаралыда Колчак үкіметі қайта орнап, Нығмет бір топ жолдастарымен тұтқынға алынып, 18 ай түрмеде отырады. 1919 жылы желтоқсанда түрмеден босаған соң ол патша үкіметіне қарсы және қазақ елінің бостандығы үшін күресін жалғастырады. 1917 жылғы Ресейдегі Қазан революциясының ұрандарын қолдап, Қарқаралы өңірінде оларды іске асыру үшін күреседі. Сол кезден бастап Нығметтің Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресуге арналған саяси өмір жолы басталады.

1920 жылы атақты Жақып Ақбаевтың бауыры Ыбырайдың бес ұлының арасында еркелеп өскен жалғыз қызы Зүфнүнмен шаңырақ көтереді. Зүфнүн Ыбрайқызы 1904 жылы Семей қаласында дүниеге келген. Көзі ашық, көкірегі ояу әкесі оны орыс гимназиясында оқытқан. Нығмет пен Зүфнүннің Ноян мен Тамара атты балалары бар.

1920 жылдан Қарқаралыда, сонан соң Семейде уездік, губерниялық атқару комитеттерінде бірқатар жауапты қызметтерде істейді. «Қазақ тілі» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы болады. 1922 жылы Орынборға ауысып, Қазақ өлкелік партия комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. Сол жылы қазан айында өткен Бүкілқазақтық кеңестің 3-ші съезінде Қазақ атқару комитеті төралқасының құрамына сайланып, оған Жоғары революциялық трибуналды басқару жүктелді. Қазақ трибуналы 1923 жылы ақпанның 19-ында РКФСР Жоғарғы сотының қазақ бөлімі болып құрылады да оның төрағалығына да Н.Нұрмақов бекітілді. Ал 1923 жылдың мамырында оған қосымша Әділет комиссары міндеті жүктелді. Іс жүзінде Нығмет Республика Жоғарғы Соты, Әділет халық комиссары және прокуратура істерін жаңадан ұйымдастырып, заман талабына сай ережелер енгізіп, жаңа жолға қойды. Ол Орынборда заң қызметкерлерін даярлайтын алғашқы оқу орны заң курсын ашты және оған қазақ жастары қабылдануына ерекше көңіл бөлді. Соның нәтижесінде жас Республиканың заң органдарында білікті қазақ кадрларының саны көбейді. Сот қызметкерлері арасында қазақтар 60 пайыз құрады. Сонымен қатар, Нығмет прокуратура және сот органдарындағы қызметкерлердің білімін арттыру, олардың жалақыларын өсіру, тұрмыстық жағдайларын жақсарту сияқты мәселелерді шешу жөнінде табандылық көрсетіп, біраз жұмыстар атқарды. Н.Нұрмақовтың басшылығымен сот-тергеу органдарында істерді қазақ тілінде жүргізу қысқа мерзім ішінде шешіліп, жүзеге асырылды.

1924 жылдан өлкелік партия комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Сол жылдардағы өмірге жолдама алған мемлекеттік маңызды құжаттардың бәрінде Н.Нұрмақовтың қолы тұрды. Бұл жылдарда Қазақстанның халық шаруашылығы құлаш жайып, Екібастұз, Қарағанды, Ембі, Балқаш өндіріс орындары елге таныла бастады. Оның Қазақстан үкіметінің басшысы ретінде республиканың аумақтық тұтастығы, өнеркәсіп құрылысы, қазақтарды жерге орналастыру мәселесі, құрғақшылық зардаптарына қарсы күрес, оқу-ағарту және мәдени даму, қазақтарды басқару ісіне тарту, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, т.б. салаларда атқарған қызметтері еліміздің өсіп-өркендеуіне, нығаюына белгілі әсерін тигізді. 1924 жылы Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, ал 1929 жылы Алматыға көшіру туралы шешімдерді қабылдауға тікелей қатынасып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол еліміздің тұңғыш конституциясының жобасын әзірлеу комиссиясының мүшесі, қазақ әліпбиін құрастыру комиссиясының төрағасы болды. Алғашқы қазақ драма театрын ашуда үлкен еңбек етті.

Н.Нұрмақов Ф.Голощекиннің қазақ даласында «Кіші Қазан төңкерісін» жасау керек деген арандатушылық пікіріне және халық малын тәркілеуге бағытталған шараларын қолдамай, оған үзілді-кесілді ашық қарсы шықты. Осы орайда інісі Құрманғалының ауылдан Мәскеудегі ағасы Н.Нұрмақовқа 1927 жылы желтоқсан айының 13 жұлдызында жазған хатында қара халықтың жағдайын жеткізіп сипаттайды: *«Положение с зимой в этих краях таково: в октябре месяце были большие дожди и борозвалась гололедице, у населения сена нет совсем, так что достаточно одного бурана чтобы создалось для скота критическое*

положение, хлеба у население также нет.». Бұл орайда інісінің хатында Н.Нұрмақовқа толық хал ахуалды жеткізе алмайтындығын және өзіне қарсы айыптаулар жиналып жатқанын көрсеткен. Ф.Голощекинмен арадағы пікір қайшылығы оның үкімет басшысы қызметінен босап, Мәскеудегі БК(б)П ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне оқуға жіберілуімен аяқталды. Мәскеуде ол Бүкілодақтық атқару комитеті хатшысының орынбасары және аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі болды. Сібір, Повольженің аз халықтар тұратын аудандарын аралап, қызмет жасады.

Көрнекті қоғам Үкімет, партия, қоғам қайраткері 1937 жылдың қуғын-сүргініне алғашқылардың бірі болып ілінді. Ол әртүрлі жаламен 1937 жылымаусымның 3-інде Мәскеудегі пәтерінде тұтқынға алынды. Сол жылы қыркүйектің 27-інде Жоғарғы сот үкімімен 15 минутта тағдыры шешіліп, 42 жасында Әлихан Бөкейхановпен бірге бірінші категория тізімімен атылған: МОСКВА-ЦЕНТР

1-я категория

15. БУКЕЙХАНОВ Алихан Нурмухаметович

Том 3, лист 89

76. НУРМАКОВ Нигмет Нурмакович

Нұрмақов ұсталғаннан кейін репрессиялық аппарат оның туған-туысқандарын жоюға кірісті. Нұрмақовтың семьясы қуғын сүргін зардабын толығымен басынан кешірген отбасы деуге болады. Оған дәлел бола алатын мына фактілерді келтірейін. Нығметтің ауылда тұратын жасы жетпістен асқан әкесі Нұрмақ, саясатқа еш қатысы жоқ болса да, 1937 жылы «үштіктің» шешімімен Қарағанды түрмесінде атылды. Жұбайы Зүфнүн, балалары, Ноян мен Тамара, інілері Құрманғали мен Жәмел репрессияға ұшырап, әр дәрежелі жаза тартты. Мысалы, Мәскеуде Нығмет ұсталған соң бір ай өтпей жұбайы Зүфнүн тұтқындалды. Оған әуелі ату жазасы қолданылсын деген шешім шығарылады, соңынан балаларының жасын елеген болу керек, ол жазаны он жылға лагерге жіберілсін деген шешімге ауыстырады. Зүфнүн Нұрмақова басында Бутырка түрмесіне (Мәскеу) қамалып, одан соң Карелия, АЛЖИР (Ақмола) лагерлеріне айдалады. Лагерде мезгілін өтеп босаған соң Қарағанды шахтасында лампышы болып істейді. Себебі 1956 ж. реабилитация жарлығы келгенше оған Мәскеу мен Алматыда тұруға рұқсат болмады. Нығметтің екі баласын (Ноян мен Тамара) жан түршіктіретіндей, бір бірінен айырып Ресейдің екі қаласындағы(Саратов, Пенза) балалар үйіне жібереді. Тамара сонда сырқаттан қайтыс болады, ал Ноян өзінің сұрауы бойынша майданға аттанады, Соғыста 5-ші инженерлік саперлік бригадада бөлімше командирі болып соғысты, ерліктері үшін орден, медальдармен марапатталды, солардың бірі 1944 жылғы 17 ақпандаға сержант шенінде «Ерлігі үшін» орденімен, 1945 жылы 19 мамырда шыққан бұйрыққа сәйкес кіші лейтенант Нұрмақов Ноян «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталды. 1946 жылы еліне қайтып келген соң Алматыдағы тау-металургия институтының сирек металдар бөліміне түседі. Бірақ онда «халық жауының» балалары оқуға болмайды деп Ноянды басқа институтқа ауысуына мәжбүр етеді. Оны бітірген соң ол Алматыда, одан соң Мәскеуде инженер-гидрогеолог болып істеді. 1956 жылы тамыздың 11-інде КСРО Жоғарғы сотының әскери алқасы шешімімен Н.Нұрмақов ақталды. Ақталған соң оның адал аты мен істері халыққа жетті. Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Қарқаралы қалаларындағы көшелерге, туған ауылына Н.Нұрмақов аты берілді, Қарағанды қаласындағы 2-ші мектеп-интернаты Н.Нұрмақов атымен аталды. Алматыдағы, Қызылордадағы Н.Нұрмақов көшелеріне ескерткіш тақта орнатылды. 1937 ж. тәркіленген еңбектері («Строительство Казахстана», 1929 Қызылорда және «Состояние и задачи работы среди национальных меньшинств РСФСР», 1934, Мәскеу,) т.б. көптеген еңбектері мен мақалалары, сөйлеген сөздері қайта жарық көрді.

1986ж. Ноян Нұрмақов 63 жасында жүрек сырқатынан қайтыс болып, Мәскеудің Ваганьков зиратында жерленді. Келесі репрессия құрбаны болған Нығметтің өзінен кейінгі інісі Құрманғали. Ол, Алматыда Казполк штабының қызметкері болып істеп жүрген жерінен тұтқындап, Коми ССР-нің Воркута қаласындағы лагерге айдалды. Ол лагердегі тұрмыс жағдайының адам шыдамайтын ауыртпалығынан ауыр сырқатқа шалдығып қайтыс болады.

Одан ұлы Камел, қыздары Айша, Тамара қалды. Кейіннен олар елге танымал мамандар инженер, ғалым адамдары болып өсіп өнді. Камел КСРО мемлекеттік және Министрлер Кеңесі премьясының лауреаты, Айша химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Тамара медицина ғылымдарының докторы, профессор дәрежелеріне жетті. Нығметтің еркек кіндікті туыстарынан тірі қалғаны ауылдағы кенже інісі Жәмел болатын. Оны да қаралы қасіреттен тыс қалдырған жоқ. Ол ауылдан қуылып, Қарағанды шахтасындағы трудармия қатарына жіберіліп тірі қалды. Бірақ тірі қалды деген аты болмаса реабилитация (ақталу) қағазын алғанша Жәмелдің өмірі оңай болған жоқ, өте ауыр жағдайда өтті. Ол бір жағынан репрессия зардабынан әкесі мен ағаларынан айрылды, туыстарының қайда қалғанын білмеді, ал екіншіден, соғыс пен соғыстан кейінгі қиыншылықтарды басынан өткізді. Тек 1956 жылы, ақталу қағазы келгеннен кейін, еліне қайтып, жағдайы біршама жақсарды. Біздің, яғни бүгінгі зиялылардың, көзі тірі туыстарының үлесіне солар туралы қолымыз жеткен деректі құжаттарды жариялап, кейінгі ұрпаққа аманат ретінде қалдыру қажет деп түсінеміз. Жарасқан ақынның жоғарыда келтірілген сөздерінде ақыны өзінің ғана емес, бұрынғы бабалардың аманатын да жеткізіп тұрғандай. Қазақта халық атынан құлпытас айрықша құрметтеген, елі мен халқына еңбегі сіңген тұлғаларға қояды. Жарасқан айтқан «уақыттың» астарында ұрпақ парызы қоса өріліп жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тайшыбай З. Жақсының шарапаты//Орталық Қазақстан-1992-15 тамыз. 3 бет
2. Бейсенбекова Н.А, Сақтағанова З.Ф., Шотпақова Л.Қ., Өскембаев Қ.С., Баер Ю.В.,// Сарыарқаның ұлы азаматтары// Қарағанды-2008ж-24 сәуір
3. Смағұлова С.О.// Н.Нұрмақов-Алматы «Алаш» 2005 ж
4. Сұмағұлова Т. Халқына арнап өткен жас ғұмырын// Азия транзит-2005ж сәуір №4
5. Нұрмақов А. Ему было всего 42...//Индустриальная Караганда-1995ж 16 маусым
6. Қаппасова Р. Алаштың ардақтысы, Балқантаудың ақтаңгері//Республика ұстаздары-2009ж. желтоқсан. Алматы
7. «Жаппай саяси құғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау» туралы Қазақстан Республикасының заңы//Егемен Қазақстан-1993ж. 18 мамыр
8. Қазақстан тарихы-III том Алматы: Атамұра,2002ж. 610 б
9. Нұрмақов А. Нығымет Нұрмақов //Орталық Қазақстан. -2002ж.29 мамыр. 3б
10. Қасымова С Өнер білім бар жұрттар//Орталық Қазақстан.-2016ж. 12 наурыз

МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ

Онал А.Е., I курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., Абишева Ж.Р.

astanaastana08@mail.ru

Тарих тұлғалар мен оқиғалар желісінен тұрады. Ұлттың мықты дінгегінің алғышарты тарихи сананы қалыптастыру екендігін тарих тағылымы әлдеқашан дәлелдеп қойды. Тарих тағылымымен тәрбиеленген ұрпақ бойында ұлттық мінез қалыптасып, ұлттық тәлім-тәрбиенің көзіне айналады. Мұның қайнар көзі – тұлғалық келбеті айқындалған зиялылық. Зиялылықтың шынайы үлгісі, өзіндік мәні, талабы, бір сөзбен айтқанда, теориясы болады. Бұл дегеніміз – ұлт өмірінен шығатын феномен. Әлемдік тарихқа көз жүгіртсек, әр ұлттың зиялылары өзіндік дербес сипатымен ерекшеленеді. Бірақ олардың мақсаты бір. Ол – ұлт мүддесі. Адамды зиялылық деңгейіне жеткізу, ұдайы жетілдіру және зиялылықты